

2014 жылғы жазғы кезеңде

Қызылорда облысындағы балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы ақпарат

2014 жылы жалпы жазғы демалыстағы іс-шараларға 1-10 сынып аралығындағы 118045 баланың 108 665-і, яғни **92%** пайызы қамтылды.

Оның ішінде 9 демалу-сауықтыру лагеріндегі - 8546, 221 мектеп жанындағы күндізгі лагерьде тамақтанумен – 16521, 219 мектепте тамақсыз - 18 564 бала 1-20 маусым аралығында қамтылды.

Қамыстыбас көлінің жағасында шатырлы, Қармақшы ауданында оқушылар Үйінде дебаттық лагерінде 1550 бала, Спорт секциялары мен аула клубтарында 35062 бала, Ауыл, қаладағы клубтар мен мәдениет үйлерінде, кітапханаларда, әуез мектептері мен жасыл ел жасақтарына 8350 оқушы, жұмыс берушілердің есебінен «Ақсу-Жабағылы», «Бәйшешек», «Тау самалы», «Орбита», «Ерке», «Мадагаскар», «Машат», «Дяченко», «Лесная сказка» облыстан тыс орналасқан лагерьлерде 3700 бала демалды.

Сондай-ақ, «Назарбаев зияткерлік мектебінде» жазғы демалыс уақытында 120 бала қатынап қосымша білім алуға жұмыс жасалды.

Осы жылы тарихи орындарға, ескерткіштер, ескі қалаларға мұражайларға, өлкеміздің көрнекі жерлеріне сынып бойынша экскурсиялар ұйымдастырылды. Онда 16252 оқушы қамтылды.

Жыл сайын дәстүрлі түрде облыс әкімінің және мұнай компанияларының қолдауымен өңірімізде ерекше мән берілетін жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, көпбалалы және тұрмысы төмен, мүмкіндігі шектеулі отбасының балаларын тегін демалдыру, оларды сауықтыру орталықтарына жіберу үшін **1000 балаға жолдамалар** берілді.

Атап айтсақ, Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы «Таң Нұры» ЖШС-ның «Горный» лагеріне 250 бала, оның **86** – жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, **164-і** көпбалалы, тұрмыс жағдайы төмен, мүмкіндігі шектеулі отбасы балалары. Алматы қаласындағы «Тау Жаңашар» лагеріне 750 оқушы демалды, оның 546-ы аз қамтылған, тұрмысы төмен, көп балалы, мүмкіндігі шектеулі оқушылар болса, 204 жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар демалды.

Балалардың сапалы демалуына бюджеттен тыс 40 млн. теңге қаражат бөлінді.

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, қала сыртындағы лагерьлердің IV-V ауысымдарын балалар денсаулығын сауықтыру, демалушы балаларды 4 мезгіл дәруменді тамақтандыру, стоматологиялық емдеу, профилактикалық зерттеу, дәрігерлік қызметтердің жоғарғы деңгейде көрсетілуі бойынша тапсырмалар беріліп, демалды.

Осыған орай, жазғы маусым кезеңінде лагерьлердегі демалушы балаларға жергілікті мекен-жайына қарасты емхана дәрігерлерінен құралған медициналық бригада ДСМ-нің 16.03.2011 жылғы №145 «Халықтың мақсатты топтарын профилактикалық байқаудан өткізу туралы» бұйрығының

негізінде жас ерекшеліктеріне қарай профилактикалық жұмыстары жүргізілді.

Жаз кезеңінде балалардың келеңсіз жағдайларға ұшырайтын жағдайлары (су, өрт, автомобильдік жол апаттары) бойынша алдын алу үшін облыстық Төтенше жағдайлар, Ішкі істер департаменті мамандарымен түрлі іс-шаралар өткізіліп, ата-аналар мен балаларға мектеп, лагерь әкімшіліктеріне түсіндірме, алғашқы көмек көрсету шаралары жүргізілді.

Қала сыртында орналасқан 9 балалардың тынығу лагерьлерінде Тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті, білім, денсаулық сақтау басқармасы арасында бірлескен бұйрық негізінде 7 аудан мен Қызылорда қаласында **«Демалыс орындарымен балаларды жазғы тынығу лагерьлеріндегі лауазымды тұлғалармен медициналық құрам арасында алғашқы медициналық көмек көрсетуді үйрету, қайта даярлауды өткізу», «Жұқпалы іш аурулары мен тағамнан уланудың алдын алуда қойылатын талаптар», «Жазғы сауықтыру ұйымдарында балалардың құқықтарын қорғау, демалысы мен сауықтырылуына мониторинг жүргізу»** тақырыбында көшпелі облыстық семинарлар өткізілді. Мақсаты: балаларды сауықтыру ұйымдарында балалардың құқықтарын қорғау, санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету, тұтынушылардың сауаттылығын жетілдіру, балалар мен тұтынушылар арасында жұқпалы іш аурулары мен тағамнан уланудың алдын алу болып табылады.

Сондай-ақ, аудан, қала әкімдерінің қолдауымен Астана қаласының **«Ақмола-Турист»** туристік компаниясы арқылы 322 оқушы Астана қаласының көрнекі жерлерін аралап, өте жақсы демалып қайтты.

Балалардың жазғы демалысын көпшілікке насихаттау мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында мақалалар жарияланды.